

**№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК педагогикалық кеңесінің
2024-2025 оқу жылының жоспары**

Мақсаты: Бағдарламалық тапсырмаларды менгеру үшін оқу үдерісін жетілдіруге ықпал ету т.б

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары	уақыты	жауаптылар
I	Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы балабақша дайындығы. 1. Жазғы маусымдық іс-шаралар есебі. 2. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарды 2024-2025 оқу жылында тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекіту. 4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарымен танысу. 5. Көңіл-күй айнасы. Психологтың әріптестермен жұмысы.	қыркүйек	менгеруші топ тәрбиешілері әдіскер психолог
II	Бірінші жылдық міндеті бойынша педагогикалық кеңесі Сауықтыру-шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту бойынша педагогтарының кәсіби шеберлік деңгейін арттыру. Пед кеңесінің жоспары 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2. Бірінші жылдық міндеті бойынша атқарылған жұмыстар туралы тәрбиешілердің хабарламасы. 3. Бір күндік тәртібінің сақталуы. Жедел тексеру қорытындысы барлық топтарды. 4. Ағымдағы мәселелер. 5. Психологиялық тренинг-кеңес. «Шығармашылық жанудың алдын алу»	желтоқсан	Тәрбиешілер менгеруші Әдіскер психолог
III	Бірінші жылдықтағы педкеңесі Жоспар: 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде 2. Қаңтар айындағы балалардың даму мониторингінің қорытындысы 3. «Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту» шебер сынып 4. Психологтың әріптестермен жұмысы. «Аутотренинг»	қаңтар	Менгеруші Тәрбиешілер Әдіскер Башанова А.Р. психолог

IV	Екінші жылдық міндеті бойынша педкеңесі: Ойын технологиялар арқылы балалардың коммуникативтік-тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру. 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде 2. Бақылау және басшылық жан-жақты тексерудің қорытындысы. 3. Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау балабақша медбике есебі 4. Педагог мамандардың аттестаттаудан өту ережесімен таныстыру. 5. «Оқу әрекетінде дәстүрлі емес әдістерді қолдану» өз тәжірибесімен бөлісу	наурыз	Менгеруші тәрбиешілер медбике әдіскер
V	Тақырыбы: «Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелері» 1. Өткен кеңес қаулысының орындалуы. 2. Тәрбиешілердің қорытынды есебі 3. «Құм терапиясы арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту» өз тәжірибесімен бөлісу 4. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың аурушандығын талдау 5. Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарын бекіту 6. Жаңа 2025-2026 жылдарға арналған міндеттер. Шешім қабылдау	мамыр	Менгеруші тәрбиешілер медбике әдіскер психолог Кубенова Ш.О.

№2 «Айголек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 1 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатысқандар: 8

02.09.2024ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы балабақшаның дайындығы.

1. Жазғы маусымдық іс-шаралар есебі.
2. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарды 2024-2025 оқу жылында тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекіту.
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарымен танысу.
5. Көңіл-күй айнасы. Психологтың әріптестермен жұмысы.

1. Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Панина сөз алып, жазғы маусымдық іс-шараларға есеп берді. Жазғы сауықтыру кезінде жоспар бойынша сауықтыру-шыңықтыру шаралары өткізілді. Атап айтқанда «Жаз із кесушілер», «Алақай жаз келді», «Өрқашан күн сөнбесін», «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?», «Менің достарым», т.б. мерекелік ойын-сауықтар өткізілген Спорттық сайыстар: «Анам, әкем және мен», «Ұлттық ойындар», денсаулық аптасы кезінде сайыстар өткізілді. Ата-аналармен жұмыстар «Судағы тіршілік», «сурет көрмесі», «Кішкентай аспазшылар» видеороликтер көрмесі, спорттық сайыстар өткізіліп бейімделу кезінде психолог маман кеңестері берілді. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында Мәртөк аудандық төтенше жағдайлар бөлімшесіне саяхат, аудандық сабақтың ойын аланына саяхат, аудандық кітапхана, аудандық өлкетану мұражайына саяхат. «Зару» маралмен емдеу шипажайына саяхат жасалынды. Жазғы маусымдық жұмыс жоспарының орындалуына меңгеруші тарапынан «қанағаттанарлық» деген баға берілді.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Панина 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен тәрбиешілерді таныстырды. Нұсқау хатқа сәйкес тәрбиешілер вариативтік бағдарлама жүргізу керек. Ұлттық құндылықтар, экологиялық тәрбие бағыты бойынша басымдық берілу керек. Нұсқау хатты күнделікті жұмыс барысында басшылыққа алу ескерілді.

3. Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Т.Жармағамбетова сөз алып 2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жұмыс жоспарлары, оқу жоспары, оқу іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі құжаттарының тексеріліп, бекітілгенін, аталған құжаттар бойынша жұмыстарды талапқа сай атқаруды тапсырды.

4. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарымен танысу мәселесі бойынша әдіскер А.Панина сөз алып, білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу ҚР оқу ағарту министрлігінің 30.07.24 ж №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылына бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілген. Осы бұйрыққа сәйкес балабақшада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын құрып бекіту қажеттігі айтылды. Әдіскер А.Панина жоспармен таныстырды. Бағдарламаның басым бағдаттары

ұлттық құндылықтар бойынша жұмыс жасау қажеттігі ескертілді. Бағдарламаның бөлімдері, мақсат міндеттері, әдіснамалық негіздері мазмұны, бағдарламаны іске асыру бағыттары, бағдарламасының жалпы мазмұнымен тәрбиешілер танысты. Күнделікті «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі» апта сайын: «Менің Қазақстаным», Аптаның дәйектері, «қауіпсіздік сабағы» шараларын өткізіп іңру қажеттігі ескерілді.

5. Психолог маман Б.Сабанбай әріптестерге арналған «Қөніл күй айнасы» тренингі өткізілді. Мақсаты: педагогтарға жаңа, тың серпін беру, эмоционалдық жақсы көніл күй сыйлау. Әріптестер жақсы күймен катысып, бір бірінің жақсы қасиеттерін жүрекшелерге жазып сыйлады. Жаңа оқу жылының басталуына сәттілік тілеп көтеріңкі көніл-күймен тренингті аяқтады.

Педагогикалық кеңесті әр түрлі мәселелер бойынша қорыта келе төмендегідей шешім қабылданды.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылында әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес оқу процесі ұйымдастырылсын. Оқу жоспары, перспективалық жұмыс жоспары вариативтік бағдарлама, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілсін.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылсын.


Пед. кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:



Т.Ж.Жармағамбетова

Хатшы:



Б.М. Сабанбай

№2 «Айгөлек»бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 2 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатысқандар:9
Қатыспаған :1

06.12.2024ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Сауықтыру-шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту бойынша педагогтарының кәсіби шеберлік деңгейін арттыру.

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Бірінші жылдық міндеті бойынша атқарылған жұмыстар туралы тәрбиешілердің хабарламасы
3. Бір күндік тәртібінің сақталуы. Жедел тексеру қорытындысы барлық топтарды.
4. Ағымдағы мәселелер.
5. Психологиялық тренинг-кеңес. «Шығармашылық жанудың алдын алу»

1.Өткен педагогикалық кеңес туралы мәселесі жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен жүзеге асыру туралы мәлімет беріп кетті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2024-2025 оқу жылында арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі қолдану мәселелеріне тоқталу. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асыру бойынша іс-шаралар туралы оспарда орындалуын айта кетті.

2. Бірінші жылдыққа тәрбиешілердің атқарылып жатқан мәселелер бойынша қыркүйек айында балалардың даму көрсеткіштерін анықтау мақсатында бақылау парақтары мониторингі толтырылды. Нәтижесінде даму карталары толтырылды. Бақылау парағы ерте жастың бақылау арқылы топтың нәтижесі 95 пайызы көрсетті. Көрсеткішісі төмен балалар ұмыс жасалып жатыр. Білім беру дағдылар бойынша физикалық қасиеттерді дамыту дағдысы жоғары деңгей 97 пайыз, орташа -3 пайыз. Жоспар бойынша өткізілген мерекелік іс-шаралар: Білім күні, Тіл мерекесі, Ұстаздар күніне орай тәрбие сағаттары. Алтын күз мерекесіне орай ертеңгілік өткізілді. Ата-аналармен жасалынған жұмыстар туралы айтар болсақ жылдың басында топтық жиналыс өткізілді. Атааналар комитеті сайланып, бірге жұмыс жасап жатырмыз. Әжелер мектебі біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында құрылып, әжелеріміз іс-шараларға белсене қатысып отырды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша балабақша ішінде орындалып жатқан жұмыстар туралы мәселеге тоқталып кетті.

3. Жас ұрпақты жан жақты дамыған, ой өрісін биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің олар орны орасан зор. Ал оны ненурлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтық денсаулығын мықты мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан жігерлі де қайратты болып өсуіне,көпшілікдағдыларын бойынша терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлсе, дұрыс негізі қаланады.Тәрбиеленушілердің организмді шынықтыру бала денсаулығын күшейтудің ең негізі жолы. Шынықтыру дене тәрбиесінің маңызды бөлігі, ол табиғи факторларын үйлестірілген әсерлеуіне жүйелі түрдегі жаттығулар арқылы орындалады. Шыныққан бала

аз аурады, тәбеті мен ұйқысы жақсы бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайын да жеткілікті дәрежеде серуендей алады.

4. Ағымдағы мәселелер тәуелсіздік мерекесіне тәрбие сағатын ұйымдастыру. Тәрбие сағатын өткізген кезде еліміздің мүлкесіне балаларды тәртіпке шақыру, қауіпсіздің ережелерін сақтау. Келе жатқан жаңа жыл мерекесіне орай тәрбиешілер балаларды дайындау мәселесі. Өлен, таппақ, би мен көрініс мәселерінде дайындықты пысықтандыру. Жаңа жыл ертеңгілігіне балаларды сақалай сай етіп дайындау, өйткені атаналар балаларының өнерлерін тамашалауға қатынасады.

5. Психологиялық тренинг «Шығармашылық жанудың алдын алу» мәселесі бойынша. Ұстаздар қауымымен. Шығармашылық жануда балаларды тәрбиеленушілердің сауықтыру шыңықтыру саласында өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетуге шақыру. Ән айтып, өлен жолдарын оқу арқылы, сурет салу арқылы, өлен шығару немесе би билеп өз таланттарын тренинг арқылы байқау кезеңінде ұстаздардың дамытуға қолдау көрсету. Балабақша ішінде және басқа ортада тәрбиеленушілермен бірге өзіндік таланттарын көрсете білуге шақыру.

Шешім:

1. Балабақшада бала денсаулығын нығайтудағы сауықтыру-шыңықтыру шараларын маңызы туралы тақырып атансын.
2. Балабақша міндеті бір күндік күн тәртібін егжей-тыжей баяндап берді тәрбиешілер Өтпелі тақырып мәселелер талқыланды Келе жатқан тәуелсіз мерекесі тәрбие сағатын және жаңа жыл ертеңгілік өткізуді мерекелер қарастырылсын.
3. Ағымдағы мәселелер бәрі талқыланып жалғастыра беруге рухат берілді

Пед. кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:



Т.Ж.Жармагамбетова

Хатшы:



А.А.Ишанова

**№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы**

№ 3 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатысқандар: 10

17.01.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Қантар айындағы балалардың даму мониторингінің қорытындысы
3. «Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту» шебер сынып
4. Психологтың әріптестермен жұмысы. «Аутотренинг»

1. Сауықтыру – шынықтыру шараларының маңыздылығы. Тәрбиешілер берілген тапсырмалар туралы жұмыстарын көрсетіп, айтты түсіндіріп кетті. Алдағы өткізілген ертеңгілік жаңа жыл қарсаңда өткізілген мерекелік концерттер туралы тәрбиеші әдіскермен бірге талдау жасалынды. Жүргізілген мәселелер бойынша өз ойларын ортаға салып сауықтыру – шынықтыру мәселелері бойынша жиналған ақпараттармен тәжірибе алмасты бірбірімен.

2. Даму мониторинг қорытындысы туралы тәрбиешілер тапсырған болатын. Кіші жас физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағытында жүргізілген іс-әрекет іске асыру нәтижесінде қаралды. Дағдылар бойынша төмен, орташа нәтиже шыққан балалармен жұмыс жасау. Түстен кейін ұйымдастырылған іс-әрекет жүйесінде балалар жеке жұмыс жасауға кеңес ой айтылды.

3. Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту сөздік қорларын молайту, аузша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезінде тілдік қарым қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Оқу іс-әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді. Ойынның түрлері: Ұлттық ойындар, сюжеттік – ролдік, педагогикалық, дидактикалық, шығармашылық және қимыл ойындар. Ойын баланың көңілін көтеріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын үстінде бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Қорыта келе ойын мектепке оның қажетті алғышартты. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуімен табиғат өсуінің қажетті алғышарты. Демек ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері басып табылады. Тәрбиеші ойындар да күтілетін нәтижесі арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті бір түрі. Ойын арқылы бала көптеген мәлеметтерді алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыру, яғни ойын арқылы білім алады.

4. «Құм терапиясы» әдістемелік құралын Кубенова Ш. Кітапшасын кезекті пед кеңесте талқылады. Тәрбиеші оның әдістемелік құралын таныстырып кетті. Оның құралын, ішіндегі материалдарын және қолданылған әдебиеттерін «Құм терапиясы» балабақшадағы қолдана отырып, тәрбиеленушілердің, психоэмоционалды жағдайын

тұрақтандырады, қозғалыстарды үйлестіруді, саусақ моторикасын жетілдіреді. Кубенова

III. Кітапшасын шығарып, жария етуге рұқсат берілді.

5. Психологтың әріптестермен «Аутотренинг» ұйымдастырылды. Тренинг 10 тәрбиеші қатысты. Мақсаты: тәрбиешілердің көңіл-күйлерін көтеру, қызметіне деген қызығушылығын арту, бір-біріне жағымды қарым-қатынасқұруға дағдыландыру. Өз туралы ойын дамыту, сенімді сезіну үшін тұлғаны психологиялық күйге келтіру.

Шешім:

1. Сауықтыру-шыңғықтыру шараларын қорытындылау жасалды, балалардың ммерекелік іс-шараларын ткізілген туралы тоқталып айтылып кеткен болады.

2. Ойын арқылы баланың ой өрісін дамыту туралы балалардың өз ойларын еруін айту, сөзбен сөзді қосу немесе дұрыс сөйлей отуға үйрету.

3. Тәрбиеші өз әдістемелік құралдарын қорғап, әрі қарай толықтырып басып шығаруға рұқсат берілсін.

4. Тәрбиешілермен аутотренинг ұйымдастырылды. Көңіл күйлері бір көтеріп, ортаға өз ойларын айтты.

Пед. кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:



Т.Ж.Жармагамбетова

Хатшы:



А.А.Ишанова

№2 «Айгөлек»бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 4 хаттамасы

Мәртөк селосы

31.03.2025ж

Қатысқандар:10

Күн тәртібінде:

Ойын технологиялар арқылы балалардың коммуникативтік-тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру.

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Бақылау және басшылық жан-жақты тексерудің қорытындысы.
- 3.Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау балабақша медбике есебі
- 4.Педагог мамандардың аттестаттаудан өту ережесімен таныстыру.
5. «Оқу әрекетінде дәстүрлі емес әдістерді қолдану» өз тәжірибесімен бөлісу

1. Ойын технологисы арқылы құзіреттілік коммуникативтік дағдыны дамыту тәрбиешілер балалардың ойын ойнау арқылы коммуникация орнату балалармен .Қарым қатынас өзара балалардың байланыс орнату. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік ойын жаттығуларын дамыту ісінде балалардың сөздік қорларын дамыту жаңа іс-қимылдарын тиянақты анықтап әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттері үшін ойын жаттығулар жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отырамыз.
2. Мектепке дейінгі мекеме ішінде жүргізіліп жатқан мәселелер туралы қорытындылап айтылды. Сауықтыру шынықтыру шаралары қолданылып жатқан күнделікті жұмыстарын талқыланды. Бес сала бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде тәрбиеленушілерге кеңінен тақырыпты ашып қызықты етіп жеткізіліп жатқандары туралы әдіскер көрсетіп түсіндіріп айтылды.
3. Балалардың дене дамуының көрсеткіштері сараптау .Балалардың дене дамуы мен көрсеткіштері әр 6 ай сайын бойы мен салмағын өзгерістер байқалады. Бой өсу мен салмақ қосу 1 жас-3 жасқа дейін балдарды жылына бір рет тексерістен өткізіледі. Таңертенгі уақытта бақшамызда 3 топта кварц шаралары 15 мин қосылып тұрады. 0,015 деохлор ертіндісімен едендер жуылады, барлық топтарда өзінің жан-жақты тазалау күнін жүргізіледі. Балаларымызға міндеті түрде витаминдер беріледі. 2024 жылдың қыркүйек айынан 2025 жылдың наурызға дейін аурған балалар саны 3 топты қосқан кезде ОРВИ мен 39 бала, фарингит пен 32 бала пневмония 2 бала, бронхит 17 бала ауырды.
4. Педагогтармен осы жылғы аттесттау өтетіндігін меңгерушіміз айтып кетті. Соған байланысты тәрбиешілер керекті құжаттарын дайындап сакадай сай болып отыруға бұйырды. Әр кім өз құжаттарын дайындап әдіскерге тапсыруы айтылды. Оқу жылының аяқталуына шамалы уақыт қалды, ересек тобының балабақшамен қоштасуын қарастыруға топ тәрбиешілеріне тапсырды. Тәрбиешілерге алдағы

жасау, балалар қауіпсіздігін қадағалау. Медбике өзі жұмысына балалардың денсаулығын тексерді.


5. Саусақ моторикасы арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту Топеева Ж. Саусақ моторикасы арқылы балалардың сөйлеу дамыту мәселесімен бөлісті. Интерактивтік тақтамен өз жұмысымен бөлісті. Тәрбиеленушілермен жүргізілген жұмыстарын көрсетіп саусақ ойындарының түрлерін көрсетті. Саусақ моторикасын кіші жастан бастап өткізіп келе жатқан жұмыстарын көрсетті.

Шешім:

1. Бүгінгі өткізілген мәселелер бойынша қорытынды жасалынды. Алдағы қойылған мақсаттарға жеткізу тәрбиеші мен әдіскерге тапсырылды.
2. Келе жатқан аттестацияға құжаттарды дайындау. Үш жылдың перспективалық жоспар, циклограмма тағы басқа қажетті материалдарды дайындау. Мамыр айындағы аудандық семинарға дайындалу.
3. Жыл тәрбиешісіне Кубенова Ш. Дайындық бастау балабақша атынан шықсын. Балабақшамен қоштасу ата-аналар мен жиналыс жасалсын.

Пед. кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:  Т.Ж.Жармагамбетова

Хатшы:  А.А.Ишанова

№2 «Айгөлек»бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 5 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатысқандар:10

30.05.2025ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелері»


1. Өткен кеңес қаулысының орындалуы.
 2. Тәрбиешілердің қорытынды есебі
 3. «Құм терапиясы арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту» өз тәжірибесімен бөлісу
 4. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың аурушандығын талдау
 5. Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарын бекіту
 6. Жаңа 2025-2026 жылдарға арналған міндеттер. Шешім қабылдау
-
1. Бірінші мәселе бойынша әдіскер Панина А. сөз алды. Жылдық міндеттер бойынша атқарылған лару жұмыстарға есеп беріп өтті. Жылдық міндеттердің бірі- сауықтыру-бойынша шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту мәселесі бойынша жыл бойына шаралар өткізілді. Күнделікті дене шынықтыру оқу әрекеттерінде дәстүрлі емес әдістер қолданылды мысалы: түзді жолдармен ұйықидан тұрған кезінде жүру, ритмопластиканы музыкамен жасау, массажды жолдармен жүру, бассейнге түсу. Денсаулық күндері , спорттық мерекелер, медбике кеңесі өткізілді.
 2. Екінші міндет- ойын технологилар арқылы балалардың коммуникативтік –тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселесі бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді. Мамыр айында аудандық семинар өтті. Тақырыбы «Ойын арқылы балалардың тілін дамыту». Тәрбиеші Каракулова Н. «Ертегілер арқылы балалардың тілін дамыту» тақырыбында презентация өткізді. Замануи технология арқылы Chat GPT бағдарламаны пайдаланып балалармен жасалған «Шалқан» мультфильмді шығарды. Музыка жетекшісі Бекжанова Ф. Кіріктірілген іс-әрекет «музыкалық ойындар» ересек «Көбелек» тобында өткізді. Педагог-психолог Ишанова А. «Сықырлы әлем» атты тәрбиешілермен тренинг өткізді. Қыркүйек айында «Әжелер», «Аналар», «Әкелер» мектебі құрылып , жоспар бойынша жұмыс жасады. Жыл бойы балабақшада жетістіктерін атап өтер болсақ «Үздік түзету дамыту бағдарлама-2024 ж» атты облыстық байқауының аудандық кезеңіне қатысқан үшін психолог Ишанова А.ІІ орынға ие болды. Кубенова Ш. «Ең үздік педагог» атты республикалық байқауының аудандық кезеңіне қатысып ІІІ жүлделі дипломмен марапатталды. «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекеті» облыстық байқауға қатысып педагогтар Каракулова Н., Бекжанова Ф., Тулегенова Б.,Топеева Ж., ІІІ орынға ие болды.Тәрбиеленушілердің жетістіктері: «Гулдер» ортаңғы тобының тәрбиеленушісі Болат Мерейлім облыстық «Шебер әке, өнерлі ана, еңбеккор бала» атты республикалық байқаудың облыстық кезеңіне қатысып жоғары дәрежелі диплом, ал Жанабай Айкөркем ІІІ орынға ие болды.


3. «Құм терапиясы арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісу презентация өткізді. Тәрбиешілердің тарапынан «қанағаттанарлық» деген баға берілді. Әдіскер Панина А. жасалған жұмыстарды кеңейтуді тапсырды.
 4. Мелбике Д. Джаймагамбетова сөз алып жыл бойы ауру-сырқау анализін оқыды. ОРВ мен 39 бала, фарингит пен 32 бала, пневмониямен 2 бала, бронхитпен 17 бала ауырды. Ортаңғы топта бронхитпен 33,3 пайыз құрап тұр. Ата-аналарға ауру-сырқау бойынша күнделікті кеңестер беріледі.
 5. Жазғы маусымдық жұмыс жоспары әдіскер Панина А. тарапынан талқылауға ұсынылды. Жазғы маусымдық жұмыс жоспарына мерекелік іс-шаралар, ойын-сауықтар, спорттық сайыстар, музейге, өрт қауіпсіздігі жөніндегі мекеме, кітапхана, саябаққа бару жоспарланған. Музыка жетекшісіне, тәрбиешілерге жоспарға сай жұмыс жасау тапсырылды.
- Педагогикалық кеңесті әр түрлі мәселелер бойынша қорыта келе төмендегідей шешім қабылданды.

Шешім:

1. Жылдық міндет бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын, әрі қарай жалғастырылсын.
2. Тәрбиешілер жыл бойы атқарған жұмыстарына он баға берілсін.
3. Тәрбиеші Кубенова Ш. «Құм терапиясы арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту» атты презентациясы «қанағаттанарлық» деген баға берілсін.
4. Мелбике Д. Джаймагамбетова өз жұмысын әрі қарай жүргізсін.
5. Жазғы маусымдық жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспар орындалуын қадағалау әдіскер Панина А. міндеттелсін.

Пед. кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:  Т.Ж.Жармагамбетова

Хатшы:  А.А.Ишанова